

КУЛЕМБАЕВА ФЛОРА МУХИТДИНОВНА

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АУТСОРСИНГТІК БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

**«6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына**

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бәсекелестік нарықтың қазіргі жағдайында көшбасшылық позицияны сақтау үшін кәсіпорындар өндіріс технологияларын, жаңа әлемдік жетістіктерді қолдана отырып басқару әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, белгілі бір мәселелердің инновациялық шешімдерін іздейді. Қатаң бәсекелестік жағдайында өнімнің, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жоғары сапасы есебінен мінсіз беделді сақтап, өнімсіз шығындарды азайтуға қол жеткізе отырып, өз бизнесін барынша тиімді жүргізетін компаниялар ғана аман қалады немесе табысқа жетеді. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес «Ғаламдық қосылған құн тізбегінің табиғаты өзгеруде - сенімділік пен орнықтылыққа көшу жүріп жатыр. Тізбектер анағұрлым қысқарып, әртараптандырылады, ішкі жеткізу арналары нығайып, жақын орналасқан аумақтарда ("reshoring" және "nearshoring") өндірістердің қайтымдылығы және аутсорсинг бизнес-процестер үдейді», - деп аталып өткен болатын. Осыған байланысты елдегі кәсіпкерліктің өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту қажет.

Пандемия кезінде көптеген компаниялар бірқатар проблемаларға тап болды. Көптеген кәсіпорындардың қашықтан жұмыс істей алмауына және ішкі бизнес-процестерді тез және тиімді қайта құруға дайын болмауына байланысты бұл кәсіпорындар айтарлықтай шығындарға ұшырады. Осыған байланысты аутсорсингтің мәні едәуір артты.

Аутсорсингті пайдалану қазіргі заманғы бизнес жағдайларында бірқатар мәселелерді шешіп қана қоймай, аутсорсингтің өзі де күрделі міндет болып табылады. Кәсіпорында аутсорсингті дұрыс ұйымдастыру және енгізу арқылы жұмыс жүктемесі азаяды, әр түрлі қызмет түрлерінің экономикалық тиімділігі артады. Аутсорсинг кәсіпорынның шығындарын азайтуға және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Жаһандық тұрақсыздық жағдайында ұлттық экономикалық жүйе кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру резервтерін іздейді, оның ішінде кәсіпорындарға аутсорсингті енгізудің тиімділігі жоғары болады. Сонымен қатар, Қазақстан кәсіпорындарында аутсорсингті енгізудің тиімділігі мен дәйектілігі туралы нақты түсінік әлі қалыптаспаған. Осыған байланысты шығындарды азайтуға, сондай-ақ бәсекелестік артықшылықтарды сақтауға әкелетін аутсорсингті енгізуді жеделдету

кәсіпорынның саясатын және тұтастай алғанда ел экономикасын өзгертуде маңызды рөл атқарады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылатуда аутсорсингті енгізудің ғылыми-негізделген ұсыныстарын әзірлеу.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін келесідей міндеттер қойылған:

- Аутсорсингті кәсіпорынның тиімділігіне әсер ететін факторы ретіндегі негіздемені теориялық тұрғыдан зерттеу;
- Аутсорсингтің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;
- Кәсіпорында аутсорсингтің экономикалық тиімділігін бағалау әдістерін анықтау;
- Қазақстанда және шет елде аутсорсингті пайдалануды салыстырмалы бағалау;
- Қазақстандық кәсіпорындарда аутсорсингті енгізу тиімділігін талдау;
- Қазақстандық кәсіпорындарда аутсорсингті пайдалану барысында пайда болатын мәселелерді анықтау және шешу жолдарын негіздеу;

Зерттеу объектісі. Ұлттық экономика жүйесінде қызметін жүзеге асыратын отандық шаруашылық жүргізуші субъектілер.

Зерттеу пәні. Кәсіпорындарда аутсорсингті енгізудің экономикалық тиімділігі жөніндегі ұйымдастырушылық экономикалық қатынастар жүйесін зерттеу.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздерін отандық, ресейлік және шетел ғалымдарының аутсорсингтің кәсіпорынның экономикалық тиімділігінің мәні маңыздылығы және тәжірибелік құндылығы бойынша теория мен тәжірибесіне арналған зерттеу жұмыстары, ғылыми мақалалары, еңбектері құрайды.

Негізгі бөлімде аутсорсингтің әсерін анықтау мақсатында Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кәсіпорындардан алынған сауалнама нәтижелері талданды.

Статистикалық мәліметтер мен кәсіпорын деректері «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасынан, Ұлттық статистика бюросынан, [statista.com](https://www.statista.com) сайтынан алынды.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылды: статистикалық талдау, сауалнама, болжау. Деректерді талдау келесі бағдарламалар арқылы жүргізілді: MS Excel, R, Gretl.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар.

- Шетелдік әдебиеттері контент талдау нәтижелері негізінде автордың анықтаған аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу мотивтері;
- Қазақстандық кәсіпорындарда сынақтан өткен (апробированная) аутсорсингті енгізу тиімділігін бағалау әдістемесі;

– Қазақстандық кәсіпорындардың қызметіне жүргізілген сауалнама мен SWOT талдау нәтижелеріне негізделген аутсорсингті енгізу проблемаларын шешу бойынша практикалық ұсынымдар кешені;

– Аутсорсингті енгізудің ұсынылған кезеңдеріне байланысты және аутсорсингтік бизнес-модельдің авторлық схемасын ескеретін ұйымдастырушылық сипаттағы ұсынымдар;

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– Аутсорсингті енгізу процесінде экономикалық әдебиеттегі қазіргі таңдағы көзқарастарды салыстырмалы талдау негізінде аутсорсингтік бизнес-модельдерді енгізудің шетелдік тәжірибесін бейімдеу бағыттары жасалды;

– Кәсіпорынның даму тұрақтылығын бағалауды ескере отырып, аутсорсингтің тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілі негізделген;

– Аутсорсингтік қызметтерді пайдалану кәсіпорын қызметінің тиімділігіне ықпалын бағалайтын регрессиялық модель дайындалды;

– Кәсіпорында аутсорсингтік қызметтерді пайдалануды бағалау негізінде аутсорсингтік бизнес-модельді дайындау және оны енгізу алгоритмі ұсынылды;

– Кәсіпорынның негізгі компоненттерінің отандық ерекшеліктерін ескере отырып, аутсорсингтік бизнес-модельдің схемасы ұсынылды;

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

Автор кәсіпорындарда аутсорсингті енгізу бойынша ұсыныстар әзірледі. Осы ұсынымдар негізгі емес қызметтерді аутсорсингтік кәсіпорындарға беру, кәсіпорынның маңызды мақсаттарына қол жеткізу үшін уақытты үнемдеу жолымен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында көзделген негізгі міндеттерді іске асыру кезінде қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсынымдар «Smash LTD» ЖШС-де кәсіпорынында одан әрі тиімді қызметі үшін аутсорсингтік қызметтерді енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу кезінде де пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік материалдарының практикалық құндылығы жоғары мектептерде (оқу үрдісінде) «Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша дәріс және практикалық сабақтар өткізу процесінде пайдаланылуы мүмкін.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

Жалпы, докторант 8 ғылыми жұмыс жариялады, соның ішінде: SCOPUS мәліметтер базасына кіретін журналда 2 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында 3 мақала. 8 жарияланымның 3-ін докторант жеке орындады: «Аутсорсингті қолдану жағдайын SWOT талдау»; «Аутсорсинг кәсіпорынның тиімділігін арттыру құралы»; «Әлем бойынша аутсорсингтің даму жағдайы»;

Докторант бірінші автор болып табылатын бірлескен авторлықта орындалған жарияланымдар: «Аутсорсингтің экономикалық маңызының

теориялық аспекті» (Кулембаева Ф.М. – тұжырымдама, редакциямен хат алмасу; Сейтказиева А.М. – әдістеме, кеңес беру); «Эффективность аутсорсинга в Казахстане: эмпирический обзор» (Кулембаева Ф.М. – сауалнама нәтижелерін талдау, Сейтказиева А.М. – әдеби шолу және әдіснама бойынша кеңес беру); «Зарубежный опыт аутсорсинговых услуг: обзор и возможность использования в Казахстане» (Кулембаева Ф.М. – әдеби шолу, дайындау, Сейтказиева А.М. – кеңес беру, әдістеме, қорытынды). «Economic Efficiency of Outsourcing Business Models: A Comparative Assessment» (Kulembayeva F. – әдеби шолу, әдістеме, журналмен хат алмасу, Seitkaziyeva A.- есептеу, талдау, Yelshibayev R. – жұмысты рәсімдеу, қорытынды). Research, development and management of an outsourcing business model in the system of improving the enterprise's efficiency (Kulembayeva F.– әдеби шолу, деректерді ұсыну, талдау, Seitkaziyeva A.- әдістеме, талқылау және қорытынды, Gajiyev F. - ағылшын тіліндегі мәтінді түзету).